

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Жан-Жак Руссо (1712–1778)

2-тарау. Жаңа дәуір философиясы.
Ағартушылық философия



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 9. Жан-Жак Руссо (1712–1778)

Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығу тегі мен негіздері туралы толғам (1755)

Жан-Жак Руссо – философия тарихындағы өзіне табындыра тартатын, ерекше қызық тұлға. Артур Шопенгауэр оны «данышпан» деп атады. Бұдан тілі уытты неміс философының Руссо пікірлерінде байыпты ғылыми түйіндерден гөрі, интуициялық жорамалдардың көптігін тілге тиек еткені аңғарылады. Руссоның шығармаларында философия, саясат, тәрбие, әдебиет, тіпті музыканың санқилы мәселелері қозғалған.

«Теңсіздік туралы толғам» жазылған кезең

Руссо Женевада діндар кальвинистердің отбасында өмірге келді. Ауыр тағдыр иесінің бүкіл ғұмыры сапар үстінде, көшіп-қонумен өтті. 16 жасқа толар-толмас шағында Женевадан Францияға аттанады. Шамбериге жақын орналасқан Шарметтегі де Варан бегімнің қожалығында өткізген жылдар жас жігіттің өміріндегі ең бақытты кездер еді. Мұнда Руссо латын тілін үйренеді. Музыка және философиямен айналыса бастайды. 1741 жылы 29 жасында Руссо Парижге сапар шегеді. Өзі ойлап тапқан нота жазуының жаңа жүйесін мойындатуға тырысқан талпынысы онша табысты болмайды. Біраз уақыт Венецияда тұрған ол 1745 жылы француз астанасына қайта оралады. 1750 жылы 38 жастағы Руссо көпшілік қауымға өзінің «Өнер-ғылымның қайта өрлеуі адами қасиеттерді дамытуға үлес қосты ма?» деген шығармасын ұсынады. Шығарма 1749 жылы қазан айында «Меркюр де Франс» газетінде Дижон академиясы жариялаған сайысқа қатысу үшін жазылған болатын. Бұл еңбек философты дүйім жұртқа әп-сәтте мәшһүр етті. Айрықша жетістікке жеткен осы шығарманың төңірегінде көтерілген талас-тартыстар додасы автордың қарсыластары философтың 1753 жылы Дижон академиясының кезекті сайысына жіберген екінші трактатын сын садағының нысанасына айналдырғанға дейін созылды. Осы екінші еңбекті «Толғам» туындысы төңірегінде туындаған пікірталастар тұрғысынан қарастырығанымыз жөн. Руссо онда қызу айтыс тудырған өркениеттің дамуымен табиғи қоғам өзінің төлтумалығынан айырылғанда, адамдардың да пейілі тарылып, азғындық көбейеді дегенге саятын интуициялық көзқарасын қайталайды. Осыдан бастап бұл тақырып Руссо іліміндегі негізгі мәселеге айналады. Бұл ілімді дамытып, ұштаған сайын философ таңдаған тақырыбын үсті-үстіне зерделеп, табандылықпен тереңнен қозғай бастайды. Сондықтан «Толғамды» Гоббстың заманынан философияда ежелден талқыланып келе жатқан «қоғамдық келісім» туралы мәселенің жаңа көзқараспен негізделуі ретінде қарастыруға болады. Адамдардың бір-біріне мейірімділігі өзара ұнату сезімімен нығайтылған кезде ғана сақталады. Ал оған баспайданың пендешілік пиғылы араласқан сәттен бастап, бірден тоғышардың бақай есебіне айналып шыға келеді. Руссоның басты идеясы осында. Адам өзінің алуан түрлі пендешілік қажеттіліктерін қанағаттандыруда басқа біреуге басыбайлығы артқан сайын, олардың арасындағы қатынастарда адамгершілік қасиет те сұйыла береді.

Теңсіздіктің шығу тегі

Дижон академиясы тұжырымдаған және кейінірек екінші «Толғамның» тақырыбына айналатын мәселе мынадай болатын: «Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығу тегі қандай және ол табиғат заңына жат емес пе?». Руссо бұл сұрақтың екінші бөлігіне жауап бермейді, тек «Толғамының» соңында оған бірнеше жол ғана арнаған. Адамдар арасындағы теңсіздікті айыптаумен тоқталып қалғысы келмейді. Оған дейінгі философтардың бәрі белгілі бір деңгейде осымен шектелген еді. Ал Руссо болса, теңсіздіктің пайда болуының тарихи және логикалық себептерін түсіндіруге тырысады. Құбылыстың шығу тегі туралы мәселе философтарды үнемі толғандырып келеді. Оны дүниеге келу жөніндегі мәселемен әсте шатастыруға болмайды.

Дүниеге келу мерзімін қашанда белгілеуге болады. Бұл – тарихшылар мен әлеуметтанушылардың зерттейтін тақырыбы. Ал шығу тегі жайлы сұрақ теориялық тұрғыдан гөрі абстрактілі



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 9. Жан-Жак Руссо (1712–1778)

болып келеді. Өйткені Руссо шығу тегін – ең алдымен, негіз, сонымен бірге қайнар көз және себеп ретінде түсіндіреді. Руссо терең пессимизмге беріледі. Ол адамдар арасындағы теңсіздіктің жойылуы мүмкін кезеңнің келуіне аз уақыт қалса да, қоғамды түбірімен қайта құруға болатынына сенбейді. Теңсіздік болмайтын қоғамға өту үшін билікті ауыстыру жеткіліксіз. Адам ешқашан өзін басқалармен салыстыруын қоймайтындықтан, теңсіздік үнемі бола береді деп есептейді философ. Революция ғана теңсіздіктің мазмұнына өзгеріс енгізе алады. Әйтсе де оны түп-тамырымен жоя алмайды. Өйткені прогресс жаңа теңсіздікті туғызады. Осылайша, Руссо теңсіздіктің саяси ғана емес, психологиялық және әлеуметтік негіздерін де зерттеуге ықылас танытады.

Арнау

Трактат Руссо туып-өскен Женева республикасына арналған. Шығарманың ең басында берілген 12 беттік арнауында Руссо: «Егер адамға Отанды таңдау мүмкіндігі берілсе, онда ел азаматтары арасында жақындық, сыйластық орнаған, әміршілері мен қараша жұрты етене араласқан, азаматтардың еркіндігі мен теңдігі талас туғызбайтын және тұрғындарының қажеттіліктерін өтеуге қызмет ететін шағын мемлекетті таңдар едім», – деп тұжырымдайды. Руссоның пікірінше, бұл сипаттамаға белгілі бір деңгейде Женева республикасы сәйкес келеді.

Алғы сөз

Алғы сөзде адамзаттың жинақтаған барша білімінің ішіндегі ең пайдалысы да, жете зерттелмегені де – адамның өзі туралы ілім деген ой желісі көлденең тартылады. Руссо қоғам қалыптасқанға дейінгі табиғи, алғашқы қауымдық адамды зерттеуді бастауға шақырады. Бұл алғы сөзді Руссо өмір сүрген дәуірде жаңадан қалыптаса бастаған, одан кейінгі ғасырларда өз жалғасын тапқан этнография мен антропологияның, яғни табиғи тіршілік ету ортасындағы адамды зерттеу жөніндегі ғылымның манифесті деп атауға болады. Көрнекті француз этнографы және әлеуметтанушысы Леви-Стросстың өзі Руссоны антропологияның атасы деп атайды.

Кіріспе

Дижон академиясының сұрағын қайталап қойған Руссо адамдар арасында теңсіздіктің екі түрінің бар екенін көрсетеді: табиғи және қоғамдық. Бұлардың біріншісі туралы айту қиынға соғады. Өйткені ол адамға тумысынан берілген. Ал қоғамдық теңсіздік болса, ол да – аса күрделі мәселе. Оны әртүрлі жолдармен түсіндіруге болады. Руссо қоғамдық теңсіздіктің пайда болу тарихын қарастыру арқылы осы сұраққа жауап беру ниетін мәлімдейді.

Бірінші бөлім: табиғи ахуалды сипаттау

Руссо табиғи ахуалды өзінің түсініктеріне сәйкес сипаттайды. Адам Табиғатқа қарсы тұрады және онда бақуатты ғұмыр кешуі тиіс. Сондықтан да оның дене бітімі күш-қуатқа толы. Ол жүгіреді, аң аулайды. Ол табиғатпен толық үйлесімдікте өмір сүреді. Оның жинаған қоры да шамалы, бірақ қажеттілігі де көп емес.

Руссо табиғи ахуал жөніндегі өзінің түсініктерін жиһанкездердің, әсіресе голландық саяхатшылардың бақылауларына негіздейді. Олар жабайы адамның сезім түйсігі мен дәм сезуі жаңадан қалыптаса бастағанын баяндайды. Алайда тағылардың көруі, естуі, иіс сезуі ерекше күшті дамыған.



Ашкөз құмарлықтан ада жан

Моральға келетін болсақ, жабайы адамның тілегі тән қажеттіліктерінен әрі аспайды. «Оларға таныс әлемдегі ең басты игілік – азық, жынысы бөлек жан және демалыс; ал олар үшін зұлымдық дегеніміз – ауру мен аштық». Одан әрі автор тағылар туралы былай дейді: «Ештеңеге алаңдамайтын жабайының жаны тек дәл қазіргі сәттегі тіршілігін түйсінуге ғана шектеледі. Онда алыс-жақын болашақ туралы ой жоқ. Өзінің ой-өрісі сияқты жоспарлары да шектеулі, онысы бір күннің шегінен әрі аспайды...».

Руссо от тұтату мен жер өңдеуді игерудің басталуының өзі ұзақ дәуірлерді қажет еткенін дәлелдейді. «Болашақты болжау, келешек туралы ойлау – табиғи ахуалдан шығу деген сөз», – дейді Руссо. Бұл тілдің дамуына алғышарт болды. Философ қоғам өмірінің қажетті құралы – тілдің шығу тегінің түп-тамырын егжей-тегжейлі зерттейді. Руссо адамға «табиғи күйіндегі өмірі үшін тек инстинкт талап етілді» деп есептейді. Бірақ «қоғамда өмір сүру үшін кемел парасат» қажет. Демек, табиғи адам әдепсіз де, мейірімді де емес. Бұл тұста Руссо мейірімділіктен жұрдай табиғи адам тумысынан қатыгез болуы тиіс деп тұжырымдаған Гоббспен айтысады. Француз философының пікірінше, табиғи адам, керісінше, жек көрушіліктен ада, өйткені оған өзінің жеке басына табыну, басқалардан жоғары қою сезімі жат. Руссо ондай адамға табиғатынан бауырмалдық, жанашырлық сезімі тән деп санайды. Ол өзі секілді жандардың қайғы-қасірет шеккенін қаламайды. Ананың өз балаларын жанымен сүйіп, қамқор болатыны сияқты.

Өркениетті адамның қатыгездігі

Өркениетті қоғамда адам өзін-өзі жақсы көреді және мейірімділік сезімін жоғалтады: «Ақыл адамның өзін жақсы көру сезімін туғызып, дамыған сайын оны нығайта түседі. Ойлану адамды өз ойымен өзіне көңіл бөлуге мәжбүрлейді, дәл осы ойлану арқылы өзі ұялатын, естен танатын барлық нәрселерден жырақтай бастайды. Философия оны оқшаулайды; дәл сол себепті ол тыныштықты күзеткен қарауылдың кейпінде: «Тибни, егер қаласаң басыңды өлімге тік, ал мен бәледен аулақпын», – деп ақырын сыбырлайды. Дүйім жұртқа төнген қауіп қана философтың тәтті ұйқысын бұзып, төсегінен тұрғыза алады. Оның терезесінің алдында жақынын жазасыз пышақтап жатса да, қанішермен өзін теңестіргісі келіп, бас көтерген табиғи сезімдерін тұншықтырып, болмашы дәлелдермен өзін тыныштандыру үшін қос қолымен құлағын тас қып бітеп алады. Жабайы адамның бойында мұндай «ғажайып» талант жоқ; сондықтан ол ақыл-санасының қысқалығынан өзгені сүюдің алғашқы қызуына еш ойланбастан бірден беріледі...»

Табиғи ахуал: тепе-теңдік

Алғашқы қауым адамына құмарлық таныс емес. Жыныстық бәсекелестік жоқ. Жыныстық тілек адамдардың арасында қақтығыс туғызбайды: «Біздің арамызда қаншама қайғы-қасірет туғызатын тойымсыз құмарпаз қиялымыз жабайының жүрегін селт еткізбейді де; олардың әрқайсысы сабырмен табиғаттың құдіретті пәрменін күтеді және бар еркін соған бағындырады, күйі келгенде құмарлығын таңдамай-талғамай, мейірлене қандырады, қажеттігін өтеген сәттен бастап, құмарлық оты да біржола сөнеді».

Табиғи ахуал – ашкөз құмарлықты да, өрісті дамуды да қажет етпейтін тепе-теңдік күйі. «Орманды кезіп жүрген жабайы адам еңбек етуді де, сөйлеуді де білмеді. Баспанасы да болмады. Ешкіммен жауласпады. Ешкіммен араласпады да. Өзі тәріздес жандарды қажет те етпеді. Біреуге зиян тигізуді де ойламады. Тіпті олардың бірде-біреуін танымаған да шығар, бәлкім. Құмарлығы да, өз-өзінен қанағат табуы да табиғи. Сезімі де, білім шеңбері де табиғи болмысына сай, шектеулі. Ол өзінің шынайы мұқтаждықтарын ғана сезіне алды. Өзін қызықтырған нәрселерге ғана қарады. Ақыл-ойы да өзінің менмендігінен асып алысқа кете қойған жоқ еді».



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 9. Жан-Жак Руссо (1712–1778)

Егер алғашқы қауымдық адам кездейсоқ қандай да бір жаңалық ашса, онда ол бұл жайлы ешкімге айта алмайды, өйткені ол тіпті өзінің туған балаларын да танып білмейтін. Тың өнер өнертапқыштармен бірге өле берді, жанбай жатып сөне берді: «Оқу-білім де, даму да болмады. Ұрпақтар да қайырсыз ауысып жатты. Олар да ата-бабаларынан алысқа ұзап кетпегендіктен, жүздеген жылдар жабайылықпен, тағылықпен өте берді. Ру қартаң тартқанмен, адам әлі де сол сәби қалпында қала берді».

Өзінің ізашарлары ұсынған теориялардың жалғандығын көрсету мақсатымен, Руссо табиғи күйді ұзақ және егжей-тегжейлі суреттейді. Философ қоғамдық теңсіздіктің негізінде физикалық айырмашылықтар жатқаны туралы ойды теріске шығарады. Оның теориясы бойынша, табиғи ахуалда адамдар арасында біреуге күш көрсету сирек қолданылады және ол ұзақ мерзімді қатынастардың негізі болуы мүмкін емес; «Әрине, адам басқа біреу жинаған жемістерге, ол аулаған түз аң-құстарына, оған баспана болған үңгірге иелік ете алады... Бірақ ол басқаларды өзіне бойсұндыруға қалай қол жеткізеді?.. Егер маған бір жерде маза бермесе, кім маған басқа жерге баруға бөгет жасайды?»

Табиғи жағдайда бірде-бір жан өзге адамды өзіне қызмет етуге мәжбүрлей алмайды, өйткені ешкім күн көру үшін өзгеге мұқтаж емес. Сондықтан табиғи жағдайда әлеуметтік теңсіздік болмайды.

Екінші бөлім: азаматтық қоғам мен теңсіздіктің пайда болуы

«Жер телімін бірінші болып қоршап алған адам: «Бұл менікі!» деп мәлімдеуді ойлап тапты да, өзінің сөзіне сенетін аңғал жандарды айтқанына көндірді, міне, сол адам – азаматтық қоғамның алғашқы негізін қалаушысы».

«Толғамдағы» осы сөз тіркесі жұртшылыққа кең тарады. Бірақ Руссо ойының одан әрі өрбу барысын бақылау одан да қызық: «Егер сол кезде бір адам шығып, жерге қағылған қазықтарды жұлып алып немесе қазылған орларды көміп тастап: «Мына алаяқты тыңдаудан сақ болыңдар; егер сендер жердің жемісі – бәрімізге ортақ, ал өзі – ешкімдікі емес екенін ұмытсаңдар, онда өздеріңді өлдім деп есептеңдер!», – деп айғайласа, онда ол адамзат баласын қаншама қылмыстардан, соғыстардан, адам өлтіру зұлматтарынан, бақытсыздықтан, жантүршігерлік сұмдықтардан аман алып қалған болар еді». Қоғамның құрылуы Руссо өркениетті тоқтатудың мүмкін еместігін түсінеді. Мұқтаждықтарын өтеу үшін адамдар балық аулауды, аңшылықты ойлап тапты. Киімді ойлап шығарды, отты сақтауды үйренді. Оған пісірілген ас ұнады. Әйтсе де адам өзінің жануарлардан артықшылығын аңғарған сайын, оның бойында тәкаппарлық, менмендік пайда болды. Жақсы тұрмысқа ұмтылу – адамды топқа бірігудің тиімділігін ұғынуға әкелді. Содан кейін өнеркәсіп пайда болды. Еңбек құралдары жасалды. Бірнеше адамның ұзақ уақыт бірге тұруы – отбасы мен ерлі-зайыптылардың махаббатына негіз болып қаланды. Тілдік қатынастың қажеттілігі пайда болды. Тіл дамыды. Адамдар уақыт өткен сайын үлкен топтарға біріге бастады. Сөйтіп, ұлт пайда болды. Қауымның арасынан суырылып шыққан кей адамдар өзгелердің айрықша құрметін иеленді. Бұл бақталастық пен бәсекелестікке әкелді. Меншіктің пайда болуымен адамның адамды қанауы басталды.

Қор жинау

«...Адамдар бір адам үшін азық-түліктің екі есе қорын сақтаудың пайдалы екенін аңғарғаннан бастап теңдік те жоғалды. Жеке меншік пайда болды. Еңбек қажеттілікке айналды. Адамдар жайқалған ормандарды отап, көз қуантатын егіс алқаптарына айналдырды. Қара терін төгіп жер өңдеп, тұқым септі. Піскен астықпен бірге құлдық пен қайыршылық та өсіп шықты».

Металлургия мен жер өңдеудің пайда болуы осы революцияның негізін қалады. Еңбек бөлінісі мен жеке меншік пайда болды. Диқан басында өзінің жер телімін астықты жинап алғанша қорғаса, кейін жыл өткен сайын жерді меншіктеудің тұрақты құқығын бекітіп алды...



Атаққұмарлықтың пайда болуы

«Мораль саласындағы осы жайттың бәрі жадының, қабылдаудың, ашкөз атаққұмарлықтың дамуына әкелді. «Болу және болған тәріздес көріну – бұдан былай бір-бірінен мүлдем өзгеше екі түрлі дүние. Болған тәріздес көрінудің, яғни табиғи болмысыңнан айырылудың салдары – жылтыраққа бас ұру, өтірікпен бүркемеленген қулық және осы секілді өзге де кеселдер».

Бір адамның келесі адамды құл етуі басталды. Өйткені байлық – қажеттіліктерді қанағаттандыруға ғана емес, жақындарыңды бағындыру үшін де керек қой. Мұрагерлікке қалдыру құқығы өте көп қазына-мүлік жиюға мүмкіндік берді. Байлардың бақталастығы соғыстарды туындатты. Сонан соң жаулап алған дүниесін ұстап тұру үшін қоғамдық институттар құрылды. Адамдар бұдан әрі соғысты болдырмауға көмектеседі деген сеніммен олардың құрылуына келісім берді. Ал, шын мәнінде, бұл институттар оларды құлдықта, кіріптарлықта ұстады. «Бастан құлақ садаға» демекші, тірі қалу үшін жаралы жанның қолын кесуге келіскеніндей, адамдар заңға бағынуға келісті. Табиғи еркіндік жоғалды. Алғашқы қоғамның орнын өзге қоғамдар басты. Олар бүкіл дүниеде пайда бола бастады. Азаматтық құқық барша азаматтар үшін өмірдің заңына айналды. Ұлттар арасындағы соғыстарды ақтау үшін өлім ұғымы Отан алдындағы борыш деп түсіндірілді. Адамдардың өздеріне көсем таңдауы қажет болды. «...Халық өздерінің үстінен қарайтын әміршілерді өздерін құл ету үшін емес, бостандығымызды қорғасын деп сайлады». Бірақ бостандықты жақсы көретінін айтып лепірген сол саясаткерлер, шын мәнінде, адамдардың құлдыққа бейімділігі табиғи деп дәйектеп, олардың шыдамдылығын асыра пайдаланды.

Биліктің пайда болуы

Руссо ата-ананың билігі саяси биліктен мүлдем өзгеше құбылыс екенін атап көрсетеді: «...әкесі баласына өзінің көмегі қажет болғанға дейін ғана оған әмірші бола алады...». Осыдан кейін олар тең болады. Ер жеткен азаматта әкесіне деген бағыныштылық емес, құрмет сезімі басым болуы тиіс. Құрмет – өзіңнен талап ететін парыз. Руссо материалдық игіліктер секілді еркіндікті де келісім арқылы өзгеге беруге болады деген оймен пікір таластырады. Өйткені адам еркіндіксіз өмір сүре алмайды. Бұл – оның табиғи жағдайы. Философ сонымен бірге өзіне дейін құлдықты негіздеген тұжырымдарды да теріске шығарады. Ал саясатқа келетін болсақ, Руссо мемлекеттің құрылуы – шын мәнінде, халықтың өздері сайлаған басшылармен арасындағы келісімшарт деп санайды. «Келісімшарт бойынша, олардың одақтық байланыстарының шарты мен құрылымы болатын заңдарды екі жақ бірдей сақтауға міндеттенген». Егер азаматтар заң талабын сақтауға міндеттеме алса, онда билеушілер де өздеріне сеніп тапсырылған билікті азаматтардың мүдделері үшін, яғни олардың меншіктерін қорғау мақсатында ғана пайдалануға міндетті.

Саяси қоғам

Басында адал билеушілер осы келісімді сақтайды. Бірақ көп ұзамай билікті асыра пайдалана бастайды. Руссо басқарудың мүмкін болған әртүрлі формаларын түгендеп шығады. Философ оларды алғашқы қалыптасу сәтіндегі жағдайлармен сабақтастықта түсіндіреді. Халық бір адамның көсем болғанын қаласа, онда монархия құрылады және т.с.с. Монархқа тәуелді болуға көндіккен халық одан құтылуды ойламайды да. Теңсіздік те барған сайын ұлғая береді. Билеушілер мен бағынушылар арасындағы теңсіздік адамдар арасында жаңа айырмашылықты туғызады.

«Теңсіздік тағдырдың жазғанына мойынсұнуға қашанда дайын, асығы алшысынан түссе – үстемдік етуге, жолы болмаса – бағынышты болуға да әзір атаққұмар, әрі опасыз жандардың арасында тез тарайды». Адамдардың дәл осы осалдығының негізінде, теңсіздіктің ең соңғы кезеңі – деспотизм қалыптасады. Деспотизмнің парадоксы – оның кезінде бір адамның



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 9. Жан-Жак Руссо (1712–1778)

құлына айналғандықтан, бәрі бір-бірімен тең болады. Осы кезде адам табиғи ахуал жайын да мүлдем ұмытады. Осы екі ахуал арасындағы қашықтық қандай үлкен десеңізші!

Данышпандар үшін деспотизм дегеніміз – Табиғатта кезікпейтін осы жаңа қатынастардың нәтижесі, яғни жалған құмарлыққа берілген жасанды адамдардың тобырынан басқа ештеңе емес. Табиғи адам тыныштық пен бейбіт өмірді ғана қалайды. Өркениетті адам, керісінше, белсенді. Үнемі бір нәрсеге алаңдаулы.

«Ол ақтық демі таусылғанша жұмыс істейді, тіпті тіршілік етуге мүмкіндік алу үшін де өлім қаупіне барады».

Екі ахуал арасындағы ымырасыз қайшылық Руссо Кариб аралдарының тұрғыны еуропалық министрдің ауыр, бірақ өзгелердің қызғанышын тудырған сондай тәтті де қалаулы бейнетіне жан түршігерлік үреймен қарайтынын шамамен елестетуге болады деп санайды. «Дегенмен осы бір сүйкімді жабайы адам үшін билік пен атақ ұғымдарының еш мағынасы жоқ», – дейді ол. Жабайы адам өзімен-өзі жеке ғұмыр кешеді. Қоғам адамы тек өзін қоршағандардың пікірі аясында өмір сүреді. Сол арқылы ғана өзінің өмір сүріп жатқанын сезіне алады. Табиғи ахуалда теңсіздік мүлдем болмайды. Теңсіздік өзінің шарықтау шегіне дамыған қоғамда жетеді. Осыдан Руссо қолданыстағы құқықпен ақталған моральдық теңсіздіктің табиғи заңға қарама-қайшы келетінін тұжырымдайды:

«...Біз оны қандай қалыпта анықтасақ та, балалардың қарияларға бұйыруын, ақымақтардың дана адамды басқаруын, адамдардың аз ғана тобының молшылыққа малынып жатқанда, аш-жалаңаш қауымның кембағал тұрмысын, яғни қайсысын алсақ та, табиғи заңдарға анық қарама-қайшы келеді».

«Толғамдағы» идеялардың Руссоның басқа шығармаларында өрбуі

Кіріспеде атап өткеніміздей, «Толғамда» қамтылған идеялар Руссоның кейінгі шығармаларында толықтырылған саяси теориясының негізі болып қаланды. Олардың ең негізгілері – «Қоғамдық келісім туралы» және «Эмиль немесе Тәрбие туралы» еңбектері болды.

Қоғамдық келісім туралы

Осы теориялық еңбегінде Руссо қоғамның даму немесе басқару бағдарламасын дайындауды мақсат етпейді. Ол оны кейінірек Корсика мен Польшаға арнап жазған мемлекеттік құрылым жобаларында жасайды. «Қоғамдық келісім жөніндегі» трактатында болашақта болмай қоймайтын революцияның негізгі принциптерін тұжырымдауға талпынады. Ол қазіргі қоғамның аморальдық негіздерге сүйенетінін көрсетеді. Сондықтан оны жаңа ұстанымдарға – теңдік пен еркіндікке көшіру қажет. Осы шығармасында Руссо табиғи процестер теңсіздікті арттыра беретіндіктен, заң қарама-қарсы бағытта жұмыс істеуі тиіс деген пікірді де ұстанады.

Барша саясат барлық азаматтардың теңдігін қамтамасыз ететін моральдық принциптерге, ұжымдық саналылыққа сүйенуі тиіс. Табиғи қалыпқа оралу ақылға сыймайтындықтан, табиғи адамды қоғамның шеңберінде қалпына келтіру қажет. Келісім дегеніміз – адамдардың өздерінің моральдық саналылығын азаматтық және саяси саналылыққа дейін көтеріп, қабылдауы тиіс қоғамдық ереже. Руссо осы кітабында жалпы және жеке ерік арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Жалпы ерік – адамдық түсініктегі жалпыға ортақ дүние. Бұл – табиғи ақыл-ойға оралу тілегі. Жалпы ерікке жеке ерік қарсы тұрады. Жеке ерік адамды ұжымға қарсы қойып, өзіне қолайлы артықшылықтарды іздеуге итермелейді. Жалпы ерік – адамзатқа деген махаббат, ал жеке еріктің қайнар көзі адамның өзін сүюде көрініс тапқан. Жалпы ерік бәрінің, тіпті адамдардың көпшілігінің еріктерімен сәйкес келмейді. Барлық адамдардың еркі – жеке еріктердің жиынтығы, ал жалпы ерік – ортақ мүдделердің еркі болады. Осылайша, бұл кітапта «Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығу тегі және негіздері туралы толғамдағы» идеялардың әрі қарай өз жалғасын тапқанын көреміз.

«Эмиль немесе Тәрбие туралы» кітабында Руссо адамның кім болғысы келетінін емес, шын мәнінде, өзінің кім екенін анықтайтын тәрбие жүйесін қалыптастыруға талпыныс жасайды.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 9. Жан-Жак Руссо (1712–1778)

Эмиль адамды өзіне еліктіріп әкететін шулы дүниеден алыс ортада тәрбиеленеді. Баланы бастапқы, табиғи кіршіксіз тазалығынан айырмауға мән беріледі. Бұл Эмильдің надандықпен ер жетуін білдірмейді. Керісінше, Руссо табиғи сана-сезімге парасатты және еркін адамдар ғана қайтып орала алады деп есептейді. Сана-сезім, парасат және еркіндік, бәрі біртұтас болуы тиіс. Руссо сәбимен қарым-қатынаста абсолютті ашықтыққа негізделген тәрбие жүйесін ұсынады. Мұндай тәрбиенің мақсатын ол «Савойя викарийінің ғибадатында»: «Ар-ождан – ізгілікті сүю үшін, ақыл-ой – оны білу үшін, ал еркіндік – оны таңдау үшін қажет», – дейді. Сондықтан «Эмильде» «Теңсіздіктің шығу тегі туралы толғамда» баяндалған кейбір идеялар өрбітілген.

Осы идеялар қалай қабылданды?

Руссо идеяларын жетілдіре түскен сайын өзінің бұрынғы энциклопедист достары тарапынан туындаған дұшпандық көзқарастармен бетпе-бет ұшыраса бастады. Олар алғашында жаңа теорияны құлшыныспен қарсы алса, кейінірек оны өткенді аңсаудың бейнесі санап, Руссоның идеалистік жүйесімен келіспейтінін жиі білдіретін болды. Соған қарамастан, Руссоның ойларының Францияның саяси дамуына тигізген ықпалының орасан зор болғаны белгілі. Табиғи еркіндік пен адамдар арасындағы теңдікті қорғауға бүкіл ғұмырын сарп еткен осы бір жанның жанкештілігі болмаса, Француз революциясы болар ма еді? XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Руссоның идеялары қоғамның қалың топтарына орасан зор ықпалын тигізгені еш күмән туғызбайды.

Руссо мен қазіргі қоршаған ортаны қорғаушылардың арасындағы рухани сабақтастық

XVIII ғасырдың аяғына таман пайда болған, негізінде көптеген балама мектептердегі тәрбие процесі жатқан педагогикадағы жаңа педагогиканың бағыттың жақтастарының қатары сирек болса да, оларды Руссоның ілімі тіпті қазір де шабыттандырады. Белгілі бір дәрежеде экологиялық қозғалыстардан Руссо теориясының сабақтастығын көруге болады. Міне, жарты ғасырға жуық уақыт ішінде Еуропада және көптеген елдерде өркениеттің адамзат үшін қауіпті екенін түсіну қарқын алып келеді. Руссоның прогрестің қауіптілігі жөніндегі идеяларын жақтаушылар қатары күн өткен сайын артуда. Тіпті алпауыт мемлекеттер әлемдік экономикаға тартып жатқан дамушы елдердің өзінде халықаралық еңбек бөлінісіне қатысудың қажеті жоқтығы, керісінше, өз күшіне сүйеніп, жергілікті ауыл шаруашылығын дамытудың есебінен өмір сүру жайындағы дауыстар жиі естіле бастады. Өйткені Руссо еңбек өнімділігін арттыру – адамдардың тәуелділігін де ұлғайта түсетінін сенімді түрде дәлелдеп берді ғой...

Қоршаған ортаны қорғаушылар да өндірісті арттыруды өзіндік мақсат етіп қою идеясының түбегейлі шешілмеген мәселе екенін алға тартты. Олар адамзат қоғамында қиындап кеткен қатынастарды жақсартуды талап етіп отыр. Руссоның өзгенің еңбегін иеленіп кетеді деп есептеп, кәсіпкерлік рухына күмәнмен қарауына; жаңа қажеттіліктердің үздіксіз өсіп отыруы мен барған сайын бәсекелестіктің асқына түсуіне қауіптен қарсы болуына экономикалық өсудің логикасына қарап қоғамның ұтылып жатқан есесін түгендеуге тырысатын саяси және экономикалық қозғалыстар әрқашан қынжылыспен үн қосып жатады. XIX ғасырдағы Лө Пле мектебінің де саяси экономиясы мен қоғам жөніндегі ғылымы, Руссоның іліміне тікелей сілтеме жасамаса да, осы мәселелерде ымыралас болды.

Қорытынды: пейілді түзеуге үндеудің қайта жандануы

Прогресс үшін жоғалтатын қоғам құндылықтарының есесі туралы ілімді қалыптастыру – Руссоның философияға қосқан ұлы үлесі. Философтың кейбір толғамдары қазір де қалың ойға шомдырады. Ғылыми-техникалық революцияның теңдессіз табыстары әрқашан адамзаттың



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 9. Жан-Жак Руссо (1712–1778)

тіршілік қамының жақсаруына әкеле бермейді. Планетамыздағы ормандардың жойылуы, бүкіл дүниедегі қоршаған ортаның ластануы, бітпейтін соғыстар – осының бәрі бүгінде бізді адам алғашқы табиғи болмысында неткен мейірімді болған деген сағынышты көңіл күйге жетелейді.

Руссоның «Толғамы» мен бүкіл ілімінің идеялық ұстанымдары қазіргі біз өмір сүріп жатқан өркениетке кеткен адамгершілік есеміз турасында мықтап ойлануға мәжбүр етеді.